Шомшақты жалпы білім беретін мектеп

**Шомшақты жалпы білім беретін мектеп мемлекеттік мекемесінің Ата – аналарға арналған консультациялық пункті туралы мәлімет.**

Тәрбиеші: Мамутова Б

2023-2024 оқу жылы

Сканировано с CamScanner

**Шомшақты жалпы білім беретін мектеп мемлекеттік мекемесінің Ата – аналарға арналған консультациялық пункті туралы мәлімет.**

Әрбір бүлдіршін - ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы, ұлттық болашағы, егеменді еліміздің ертеңі. Сондықтан «бала» «ұрпақ» , «Өркен» деген ұғымдарды ұмытпай және негізгі мақсатымыз -жан-жақты бала тәрбиесі болуы керек. Бүгінгі қоғамда жан-жақты жетілген, бойында ұлттық құндылықтар, сана-сезімі қалыптасқан парасатты азамат тәрбиелеп өсіру – отбасының, балабақшаның, барша халықтың міндеті. Осы міндетті іске асыру үшін, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 27 бұйрығымен бекітілген «Ата - аналарға» арналған консультациялық пункттердің қызметін ұйымдастырудың ережесіне сәйкес, мектепке дейінгі ұйымдастырумен қамтылған балаларға жан- жақты қолдау көрсету, «Ата-аналарға арналған консультациялық пункттер» құру қолға алына бастады.

Шомшақты жалпы білім беретін мектептің отбасылық жағдайында тәрбиеленетін мектеп жасына дейінгі балалардың ата- аналарына арналған консультациялық пункт ашылды. Жағдайын анықтаған отбасыларына «Ата – аналарға арналған консультациялық пункт» жөнінде ақпарат, оның мақсаты мен міндеті түсіндіріліп, кеңестер берілді. Осы атқарған жұмыстар нәтижесінде бірнеше «ата – аналарға арналған консультациялық пункттің» қызметіне өтініш білдірді.

Бала тәрбиесі үшін маңызды «Дені сау ұрпақ – еліміздің болашағы», «Тазалық -денсаулық кепілі», «Баланың рухани әлемі», «Ұялшақтық, ұяңдық оны қалай жеңуге болады?», «Баланың үйдегі әрекетін ұйымдастыру», «Баланың мінез құлық мәдениетін тәрбиелеу» т.б. Тақырыптарда топтық және жеке кеңестер берілді. « Консультациялық пункттер жайындағы мектепке дейінгі ұйым мен қамталған балалар және ата- аналарды» көбіне толғандыратын сұрақтарға «Балалардың қабілеттерін анықтау жолдары», «бала ағзасын шынықтыру» және мектепке дайындығын анықтау мақсатында тестілер мен сауалнамалар жүргізіліп отырды.

Сканировано с CamScanner